ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 21 қазан Іс №1513-24-00-2/3110 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.Б.Кустанов,
сот отырысының хатшысы А.М.Мамай отырып,
сот ғимаратында алдын ала сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Хромтау тау-кен техникалық жоғары колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Адеми Мукамбеткалиевна Ильясова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі А.А.Тулегенов
жауапкер А.М.Ильясова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 8 тамызда «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Хромтау тау-кен техникалық жоғары колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер Адеми Мукамбеткалиевна Ильясова (өнім беруші) арасында «Бағалы ұсыныыстарға сұраным тәсілімен» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде №132 мемлекеттік сатып алу шарты жасалған.

Өнім беруші шарттың №1 қосымшасына және техникалық ерекшелікке сәйкес, жалпы сомасы 46 800 теңгеге 200 дана

дезинфекциялау құралдарын шарт жасасқан сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттелген, яғни, 2024 жылғы 28 тамызға дейін.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 2024 жылғы 23 тамызда енгізілген.

Талап қоюшы тарапынан шарттық міндеттемелер орындалмаған.

Шарт 2024 жылғы 27 қыркүйекте бұзылды.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Алдын ала сот отырысында талап қоюшының өкілі жауапкермен шарттық міндеттемелер орындалмағанын айтып, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Алдын ала сот отырысында жауапкер талап қоюды мойындап, тауарды жеткізе алмайтынын айтып көрсетті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай - АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған.

Сот отырысында анықталғандай, тараптар арасында жасақталған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жауапкер шарттық міндетін орындамаған.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 22.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 26.11.2024, судья Кустанов Р. Б., 28.11.2024
1513-24-3-1/3571

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117-бабына сәйкес (әрі қарай-АПК), жауапкерден жергілікті бюджетке 1 846 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Хромтау тау-кен техникалық жоғары колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Адеми Мукамбеткалиевна Ильясова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Адеми Мукамбеткалиевна Ильясовадан жергілікті бюджет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Р.Б.Кустанов

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 22.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.11.2024, судья Кустанов Р. Б., 28.11.2024

1513-24-3-1/3571